



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Научно-производственный центр трансфузиологии» министерства здравоохранения Республики Казахстан

Коды:	ҚҒ-01(01)-01-24		
Атауы:	«Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібі		
Бекітілген:	ҚР ДСМ «ТҒӨО» ШЖҚ РМК Байқау кенесінің 2024 жылғы «3» мамыр № 8		
Әзірлеуші:	ТАӘ	Лауазым	Қолы
	Н.А.Рахимжанов	Комплаенс-офицер	
Келісілді:	С.А.Абдрахманова	Басқарма төрағасы	
	А.А.Мухамбетова	Сапаны бақылау жөніндегі менеджер	
Қайта шығару күні:	20 27 ж. «3» мамыр	№ _____ көшірме	Қолы / ТАӘ /

Астана қ., 2024 ж.



1 БӨЛІМ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ

1.1 «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ықтимал бұзылуы фактілер немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету осы тәртібі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Орталық) ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелейтін жағдайларда Орталық қызметкерлерінің және азаматтық-құқықтық шарттар негізінде Орталықпен қызметтесетін адамдардың ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін айқындайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық Орталық қызметкерлерінің кәсіптік қызметті жүзеге асыру барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісін анықтау тәртібін белгілейді.

1.2 Осы ішкі тәртіп «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы, Орталықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты туралы ережесі, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің және Орталықтың ішкі құжаттарының негізінде әзірленді.

1.3 Осы Тәртіп Орталықтағы атқаратын лауазымының деңгейіне қарамастан барлық қызметкерлердің Орталықпен азаматтық-құқықтық шарттар негізінде қызметтесін тұлғаларға, донорларға және оларды алып жүретін тұлғаларға, сондай-ақ Орталық қызметімен байланысты үшінші тұлғаларға қолданылады.

2 БӨЛІМ НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы Ережелер келесі нормативтік құжатқа сілтеме жасайды:

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ.

3 БӨЛІМ ӨТІНІШТЕРДІ БЕРУ ТӘРТІБІ

3.1 Орталықтың қызметкерлері және Орталықтың қызметімен байланыста болатын тұлғалар Орталықтың лауазымды адамдарына немесе компаенс-офицерге Орталық қызметкерлері жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың немесе оларға итермелеудің барлық жағдайлары туралы белгіленген тәртіппен дереу хабарлауға міндетті.

3.2 Орталықтың іссапарда, демалыста немесе жұмыс орнынан тыс жерде жүрген қызметкерлері Орталықтың басқа қызметкерлері жасаған фактілері немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы ықтимал бұзушылықтары туралы Орталықтың лауазымды тұлғаларына немесе компаенс-офицерге жұмыс орнына келгенде немесе осы тәртіпте көзделген өзге де тәсілдермен дереу хабарлауға міндетті.

3.3 Орталық қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзу фактілері, ықтимал бұзушылықтары туралы өтініштер немесе оларды жасауға итермелеулер тек жазбаша нысанда, Орталықтың лауазымды тұлғасына немесе компаенс-офицерге беру арқылы, оның ішінде осындай өтінішті пошта, Орталық ғимаратында орнатылған «Сұранымдар мен шағымдарға арналған жәшік» арқылы қабылданады.

3.4 Шағымда көрсетілетін мәліметтер тізбесі мыналарды қамтуы тиіс:

- өтініш берушінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса);
- өтініш берушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН);
- өтініш берушінің лауазымы (Орталық қызметкерлері үшін);



– өтініш берушінің тұрғылықты жері және байланыс деректері (байланыс телефоны, электрондық поштасы);

– сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, Орталықтың қызметкері немесе бірнеше қызметкер жасаған, немесе жасалуы мүмкін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі, немесе ықтимал бұзушылықтары туралы мәліметтер, оның ішінде сыбайлас жемқорлықты жасаған, жасауға дайындалған, немесе біреуді жасауға итермелейтін адам туралы мәліметтер; құқық бұзушылық туралы, сондай-ақ шағымдарды объективті қарауға ықпал ететін басқа да мәліметтер.

3.5 Келіп түскен өтініштер Орталықта жүргізілетін сапаны басқару және ішкі аудит бөлімшесіне жүктелген өтініштер журналында міндетті түрде тіркеледі.

3.6 Келесі өтініштер қабылдауға, тіркеуге және қарауға жатпайды:

1) Орталықпен еңбек қатынастарында тұрмайтын және Орталықтың қызметімен байланыста емес адамдар жасаған фактілері немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы ықтимал бұзушылықтары туралы мәліметтерді қамтитын;

2) сыбайлас жемқорлық болып табылмайтын фактілер немесе ықтимал құқық бұзушылықтар туралы ақпаратты қамтитын;

3) құрамында оқылмайтын сөздер мен сөйлемдерден тұратын;

4) жасырын өтініштер.

4 БӨЛІМ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

4.1 Өтініште қамтылған мәліметтерді тексеруді комплаенс-офицер өтініш тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

4.2 Комплаенс-офицер өтінішті қарау нәтижелері бойынша мынадай шешім қабылдайды:

1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері болған кезде қызметтік тергеуді бастау туралы;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері болмаған кезде шағымды қарауды тоқтату туралы.

4.3 Қызметтік тергеуді ұйымдастыру және жүргізу Орталықтың осы тәртіпті реттейтін ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4.4 Орталық басшылығына анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі бойынша жүргізілген қызметтік тексеру нәтижелері бойынша келесі ұсыныстар енгізіледі:

1) құқық қорғау органдарына егер адамның жасаған іс-әрекетінде қылмыстық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері болса, қызметтік тергеп-тексеру материалдарын беру туралы;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамға тәртіптік жаза қолдану туралы.

4.5 Өтініште келтірілген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы мәліметтер расталмаса, бірақ қызметтік тексеру барысында ықтимал мүдделер қақтығысы туралы ақпарат анықталса, Орталық басшылығына ықтимал мүдделер қақтығысының алдын алу және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікті қолдану бойынша ұсыныстар беріледі.

4.6 Тәртіптік жауапкершілік туралы мәселені және тәртіптік жаза қолдану мерзімін қарау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, оның ішінде қылмыстық істі, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде, сондай-ақ Орталық қызметкерінің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені шешуді қозғайтын сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатылуы мүмкін.



5 БӨЛІМ ҚҰПИЯЛЫҚ КЕПІЛДІКТЕРІ

5.1 Орталық сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактісі немесе ықтимал бұзылуы, Орталық қызметкерлері жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе оларды жасауға итермелеу жағдайлары туралы хабарлаған тұлға туралы ақпараттың құпиялылығына кепілдік береді. Орталық өз қызметкерлеріне осы Тәртіпке, Орталықтың ішкі ережелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жұмыс қауіпсіздігін қоса алғанда, құпиялылық пен қудалаудан қорғау, сондай-ақ олардың құқықтары мен міндеттерін орындау кепілдіктерін қамтамасыз етеді.

5.2 Алынған ақпараттың құпиялылығын Орталықтың басшылығы және комплаенс-офицер қамтамасыз етеді.

5.3 Жеке бас пайдасы үшін және/немесе зиянды ниетпен көрінеу жалған ақпарат берген Орталық қызметкерлеріне тәртіптік шаралар қолданылуы мүмкін.

6 БӨЛІМ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1 Осы Тәртіп Қазақстан Республикасының Әкімшілік іс жүргізу кодексіне сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде қолданылмайды, сондай-ақ Орталық қызметкерлеріне жеке қанағаттанбаудан туындаған мәселелерді қозғау тәсілі болып табылмайды.

6.2 Орталық тиісті құқық қорғау органдарына Орталықта орын алған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың Орталық қызметкерлеріне белгілі болған кез келген жағдайлары туралы хабарлауға міндеттенеді.

6.3 Осы Тәртіпке өзгерістер мен толықтырулар Орталықтың ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен енгізіледі.

